

Уәлиханов аудандық мәслихатының 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 10-26 с "2023-2025 жылдарға арналған Уәлиханов ауданы Қаратерек ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2023 жылғы 15 қарашадағы № 10-10 с шешімі

Уәлиханов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Уәлиханов аудандық мәслихатының "2023-2025 жылдарға арналған Уәлиханов ауданы Қаратерек ауылдық округінің бюджетін бекіту туралы" 2022 жылғы 29 желтоқсандағы № 10-26 с шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2023-2025 жылдарға арналған Уәлиханов ауданы Қаратерек ауылдық округінің бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2023 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 35 547 мың теңге:

салықтық түсімдер –1 003,7 мың теңге;

салықтық емес түсімдер –131,8 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

трансферттер түсімі – 34 438,5 теңге;

2) шығындар – 35 588,2 теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу - 0 мың теңге:

бюджеттік кредиттер - 0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге;

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - -14,2 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 14,2 мың теңге;

қарыздар түсімі - 0 мың теңге;

қарыздарды өтеу - 0 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 14,2 мың теңге.";

7-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"7. 2023 жылға арналған ауылдық бюджетінде аудандық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер түсімдері ескерілсін, соның ішінде:

1) аппаратты күтіп ұстауға;

2) көшелерді жарықтандыруға;

- 3) Қаратерек ауылында балалар ойын алаңын жайластыруға;
- 4) клубты күтіп ұстауға;
- 5) автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;
- 6) аумақты абаттандыруға;
- 7) мемлекеттік органның күрделі шығыстарына.

Көрсетілген нысаналы трансферттерді аудандық бюджеттен бөлу Уәлиханов ауданының Қаратерек ауылдық округі әкімінің "Уәлиханов аудандық мәслихатының " Уәлиханов ауданының Қаратерек ауылдық округінің 2023-2025 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" шешімін іске асыру туралы" шешімімен айқындалады.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын;

2. Осы шешім 2023жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Уәлиханов аудандық мәслихатының төрағасы

М.Абдулов

Уәлиханов аудандық мәслихатының

2023 жылғы 15 қарашадағы

№ 10-10 с шешіміне қосымша

Уәлиханов аудандық мәслихатының

2022 жылғы 29 желтоқсандағы

№10-26 с шешіміне 1-қосымша

2023 жылға арналған Уәлиханов ауданы Қаратерек ауылдық округінің бюджеті

Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы	Кіші сыныбы		
1			2	3
			1)Кірістер	35574
1			Салықтық түсімдер	1003,7
	04		Меншікке салынатын салықтар	533,5
		1	Мүлікке салынатын салықтар	21
		3	Жер салығы	4,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	508,5
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	470,2
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	470,2

2			Салықтық емес түсімдер	131,8
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	58
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	58
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	73,8
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	73,8
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4			Трансферттердің түсімдері	34438,5
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	34438,5
		3		34438,5
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
1			2	3
			2) Шығындар	35588,2
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	25126
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	25126
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	24976
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	150

07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	4860
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	4860
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1060
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	3800
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	5245,7
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	5245,7
		006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмысын қолдау	5245,7
12			Көлік және коммуникация	350
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	350
		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	350
15			Трансферттер	6,5
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент , ауылдық округ әкімінің аппараты	6,5
		044	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген	0,1

			пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомаларын қайтару	
		048	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	6,4
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	0
			Бюджеттік кредиттер	0
Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	0
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржы активтерін сатып алу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	(-14,2
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану):	(14,2
7			Қарыздар түсімі	0
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	0
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	0

Функционалдық топ			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
16			Қарыздарды өтеу	0
Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
8			Б ю д ж е т қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	14,2
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	14,2
		1	Б ю д ж е т қаражатының бос қалдықтары	14,2